



Сотталғандарға негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыс түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 06 ақпандағы № А-1/38 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 ақпанда № 3664 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № А-2/32 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 18.02.2015 № А-2/32 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30 бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Шортанды ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сотталғандарға негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыс түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкімінің орынбасары **Е.К.Мұхамединге** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шортанды ауданының әкімі **С.Қамзебаев**
Ш о р т а н д ы а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 6 а қ п а н д а ғ ы
№ А-1/38 қаулысына қосымша

Сотталғандар үшін қоғамдық жұмыс түрлері

1. Аумақты мұздан тазарту.
2. Аумақты қардан тазарту.
3. Аумақты қоқыстан тазарту.
4. Аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазарту.

5. Аумақты арам шөптерден тазарту.
6. Ағаштарды кесу, ағарту, отырғызу.
7. Қоршауларды жөндеу және бояу.
8. Ғимараттарды ақтау, бояу.
9. Гүл клумбаларын бөлу.
10. Көгал алаңды қайта қазу.
11. Құрылыс қоқыстарын жинау.